

- 6 Жұмаділова С.Т. «Мың бала» жобасы: әлеуметтік және педагогикалық аспектілер. - Астана: ҚХА баспасы, 2022. - 128 б.
- 7 Кәрімов Б.А. Медиация және этносаралық қатынастар. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 144 б.
- 8 Назарбеков М.С. Қазақтану бағдарламасы және этносаралық интеграция. - Алматы: Білім баспасы, 2021. - 176 б.
- 9 Смагулова Л.К. Этносаралық диалог пен жастар. - Астана: ҚХА, 2020. - 104 б.
- 10 ҚХА. Қоғамдық келісім және ұлттық бірегейлік: стратегиялық құжаттар. - Астана: ҚХА баспасы, 2022. - 128 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ - БІРЛІКТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Серикова.Д.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
serikovadaria9@gmail.com
Қарағанды қ.

Егемен, Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі таңда сан алуан этностардың тоғысқан мекені екендігі аян. Қазіргі кезде ол Еуразия кеңістігіндегі көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет. Еліміздің басты миссияларының бірі - түрлі кезеңдерден өткен этностар тағдырын, олардың мәдени, рухани мұрасын сақтап, ұлттың тұтастығын нығайту. Осы міндетті жүйелі түрде іске асыру мақсатында 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Бүгінде Ассамблея тек консультативтік орган емес, ол - елдегі ұлтаралық келісімнің, тұрақтылықтың, қоғамдық татулықтың берік платформасы, «бірліктің алтын діңгегі» атанған жалпыұлттық институт.

Қазіргі алмағайым заманда баршамызға белгілі мәселе ол қоғамдағы тұрақтылық пен бірлік - мемлекетті дамытатын ең өзекті фактор екендігі аян. Сол себепті Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі жыл сайын артып, оның қызметі этносаралық диалогты нығайту, мәдени көптүрлілікті сақтау, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бағыттарында ерекше маңызға ие. Ассамблея тек халыққа қызмет ететін мемлекеттік орган ғана емес, елдегі бірліктің, өзара түсіністіктің, толеранттылықтың символына айналған үлкен қоғамдық күш болып табылады. Қазақстанның тұрақтылығы мен тыныштығының негізгі себебі - халқымыздың татулығы. Бұл татулықтың сақталуына ҚХА-ның қосып жатқан үлесі орасан зор және Ассамблея құрылған күннен бастап, қоғамды біріктіру миссиясын үздіксіз атқарып келеді.

Кенес Одағы ыдыраған жылдары Қазақстан аумағында 100-ден астам этнос өкілдері өмір сүрген еді, және де олардың әрқайсысының тарихы күрделі болды: бірқатары тарихи миграция нәтижесінде келген, кейбірі патшалық Ресей кезеңіндегі қоныс аудару саясатымен келген, ал біразы саяси қуғын-сүргін, депортация жылдары мәжбүрлі түрде Қазақстанға көшірілген болатын.

1937-1944 жылдары қазақ жеріне корейлер, шешендер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары және басқа да ұлт өкілдері жаппай жер аударылғандығы белгілі. Қазақ халқы бұл халықтарды қасіретті кезеңде құшақ жая қарсы алып, өмір сүруіне жағдай жасады. Осылайша, қазақ топырағында достық пен мейірім мәдениеті қалыптасқандығы аян.

1991 жылдары Қазақстан өз тәуелсіздігін енді жариялап, азаттықтың ақ таңы жаңа арайлап шыққан мезетте еліміз көптеген қиындықтарға бетпе-бет тұрған болатын. Бұл уақытта экономикалық дағдарыс, саяси жүйенің қалыптасуы, халықтың әлеуметтік жағдайы - мұның бәрі ел ішіндегі тұрақтылыққа әсер ететін факторлар болды. Осындай жағдайда этносаралық келісімді сақтау - мемлекеттің тірегі болатын аса маңызды міндет еді.

1990-1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы дәл сол тарихи кезеңде өте дұрыс шешім болған еді, осы аталмыш институтты құру арқылы этностардың диалогын күшейтіп, бір-бірімен байланыстырып, олардың мәдени және тұрмыстық құқықтарын қорғауға толық жағдай жасалынған болатын. Бұл шешім елдегі этностық әралуандықты тұрақтылық факторы ретінде қабылданып, оны мемлекеттік саясаттың өзегіне айналдырудың маңызды қадамы болды. [1,30 б]

Ассамблеяның басты мақсаты - этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты сақтау екендігі барша халыққа мәлім. Осы миссия қағаз бетінде ғана емес, нақты іс-шаралар арқылы жүзеге асып келетініне куәгерміз. Бұл ҚХА-ның стратегиялық маңызын бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Әртүрлі ұлт өкілдерінің бір елде тату өмір сүруі - кездейсоқтық емес, ол жоспарлы түрде

жүргізілген саясаттың жемісі болып саналады. ҚХА этностар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықты арттыру мақсатында форумдар, кеңестер, конференциялар өткізетіндігі аян. Бұл шаралар азаматтардың бір-бірін түсінуіне, пікір алмасуына мүмкіндік береді. Диалогтың болуы - кез келген қоғамдағы мәселелерді шешудің ең дұрыс жолы. Ассамблея осы диалог мәдениетін қалыптастырған еді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өз кезегінде біршама міндеттерді қарастырады. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамда маңызды қызмет атқаратындығы белгілі. Біріншіден, ол Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған. Екіншіден, Ассамблея ұлтаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесіп қана қоймай, қоғамдағы татулықты нығайтуға, этностар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді арттыруға бағытталған кешенді шараларды үйлестіреді. Сонымен қатар, бұл қоғамдық құрылым мемлекеттік тілді және Қазақстан диаспораларының ана тілі мен мәдениетін құрметтеп қана қоймай, оларды дамытуға қолдау көрсетеді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап адам құқықтарын қорғау бағытында айтарлықтай жетістіктерге жеткені белгілі. Мемлекет бұл салада Жалпыға бірдей адам құқықтары Декларациясында және басқа да халықаралық құжаттарда бекітілген нормаларды тұрақты түрде сақтай отырып, олардың талаптарына сай әрекет етіп келеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабында: «Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар өкілдерінің мәдениетін, дәстүр-салтын, тілін қайта түлетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады», - деп жазылған. [2]

Қазақстанда тұратын әрбір этнос өкілдері өзінің тілі мен дәстүрін сақтауға құқылы екендігі аян. Ассамблея этномәдени орталықтар арқылы осы мүмкіндікті қамтамасыз етіп келеді. Қазіргі сәтте елімізде 470-тен астам этномәдени бірлестіктер өз жұмыстарын жалғастыруда, және осы орталықтар туралы зерттей келе, олардың тек мәдени шаралар өткізетін ұйымдар емес, рухани көпір екені барша халыққа мәлім. Олар арқылы жастар өз болмысын сақтап, бір-бірінің мәдениетін құрметтеуге үйренеді. Бұл - көпұлтты қоғам үшін өте маңызды мәселелердің бірі. Қазақстанның дамуы үшін ең маңызды нәрсе - халықтың бірігуі. Ассамблея осы мақсатта “Бір халық - бір ел - бір тағдыр” идеясын насихаттап келеді. Бұл идея Қазақстанды полиэтностық қоғам ретінде ғана емес, біртұтас халық ретінде көруге мүмкіндік береді. Біздің бәріміздің тағдырымыз ортақ: Қазақстан - әрқайсымыздың туған жеріміз. Қазақстан халқы Ассамблеясы отырыстарының бірінде Мемлекет басшысы былай деді: «Республикадағы этносаралық қатынастар саласында қандай да келенсіз жайттардың орын алуынан сақтанбағанбыз, алайда қандай жағдай болса да, Қазақстан оны абыроймен шешетініне сенімдіміз» деген болатын.[1,71 б]

Ассамблея құрамындағы этномәдени орталықтар - елдегі мәдени әралуандылықтың басты тірегі. Бұл орталықтар тек концерт, мәдени іс-шараларды өткізу емес, көптеген терең әлеуметтік мынадай функцияларды атқарады:

- 1.туған тілді үйрету курстары;
- 2.жастарды тәрбиелеу іс-шаралары;
- 3.фольклорлық ансамбльдер құру;
- 4.ұлттық мерекелерді ұйымдастыру;
- 5.қайырымдылық жұмыстары.

Осы орталықтардың қызметін зерттей отырып, олардың бірлікке қосқан үлесі жоғары бағаланды. Себебі әр этнос өз мәдениетін сақтай отырып, өзге этностарды құрметтеуге үйренеді - дәл осы жерде шынайы достық пен татулық қалыптасатындығы белгілі.

Ассамблея неліктен “алтын дінгек”?

Ассамблеяны “бірліктің алтын дінгегі” деп атау бекерден бекер емес. Қазақстан халқы Ассамблеясы бірліктің алтын дінгегі болып саналуының басты себебі - оның елдегі барлық этностарды ортақ мақсатқа біріктіретін, ұлттық татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірегей қоғамдық-саяси институт болуында еді. Қазақстан - көпұлтты мемлекет, ал мұндай жағдайда түрлі этностардың мүддесін үйлестіріп, олардың арасындағы өзара түсіністік пен келісімді сақтау өте маңызды міндет болып саналады. Ассамблея осы міндетті кәсіби деңгейде атқарады және еліміздегі этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп келеді. Ең алдымен, ҚХА - халықтарды біріктіретін диалог алаңы. Мұнда әр этнос өз ойы мен мәселесін еркін айтып, ортақ шешім табуға мүмкіндік ала алады. Бұл өзара сенімнің қалыптасуына, қоғамдық тұрақтылықтың нығаюына жол ашатын есік іспеттес. Этностардың мүдделері ескерілетіндіктен, қоғамда теңдік пен өзара сыйластық орнығады. Екіншіден, Ассамблея мемлекеттің ұлттық саясатындағы нақты тетіктерді іске асырады, және ол

этномәдени орталықтардың жұмысын үйлестіріп, тілдер мен мәдениеттердің дамуына жағдай жасайды. Ал бұл көпұлтты елдің татулығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әрбір этнос өз мәдениетін сақтай отырып, еліміздің дамуына үлес қосады. Бұл - ортақ патриотизмді қалыптастыратын күш. Үшіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжіліске депутат сайлау құқығы бар екендігі белгілі. Бұл - қазақстандық модельдің ерекше артықшылығы. Әр этностың өкілі мемлекеттік басқару деңгейінде өз пікірін жеткізе алады, ал бұл теңдік пен әділдікті нақты қамтамасыз етеді. Мұндай саяси өкілдік ел ішінде тұрақтылыққа кепіл болып саналады. Төртіншіден, Ассамблея елдегі ауызбіршілікке қауіп төндіретін мәселелердің алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүргізеді. Яғни, түрлі мәдени іс-шаралар, диалог форматтары, қоғамдық кеңестер - бұлардың бәрі жалпы адамдардың жақындасуына, тоғысуына, өзара түсінісуіне ықпал ететін факторларға жататындығы аян. Осы арқылы қоғамда бірлік мәдениеті қалыптасады. Сондай-ақ, ҚХА қазақстандық бірегейлік пен патриотизмнің өзегіне айналған болатын. «Бір халық - бір ел - бір тағдыр» идеясы барлық этностарды ортақ мүдде төңірегіне топтастырады. Бұл идеяның жүзеге асуы елдегі тұрақтылықты нығайтып, Қазақстанды әлем таныған татулық пен келісімнің үлгісіне айналдырған күш. Осының бәрі Қазақстан халқы Ассамблеясын еліміздегі бірлік пен тұрақтылықтың, татулық пен келісімнің алтын дінгегі ететін негізгі себептер болып табылады.

Егеменді еліміздің тұңғыш Президенті ұлт арасындағы татулық пен өзара ынтымақтастықтың ең алдымен қазақ халқына қажет екенін үнемі атап өтетін, және оны есте сақтауға тиіспіз. Осыған байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясының бірінде: «Ассамблеяның ең басты міндеті - еліміздегі қоғамдық келісім болып саналады. Ал ұлтаралық татулық мәселесі - Ассамблеяның сан қырлы қызметінің бір бөлігі ғана. Қазақстандағы қоғамдық келісімнің негізі алдымен қазақ халқының өз арасындағы келісім екенін берік есте сақтауымыз қажет», - деп айтып кеткен болатын [3].

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы беделі әсіресе қиын кезеңдерде байқалады. Мысалға алып қарасақ, пандемия уақытында этномәдени бірлестіктер қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, халыққа көмек көрсеткені - бірлік мәдениетінің жоғары деңгейін нақтылап көрсеткен еді. Қазіргі заманда әлемде геосаяси шиеленістер, этносаралық қақтығыстар, ақпараттық соғыс жағдайында мемлекет ішіндегі татулықты сақтау - өте күрделі міндет еді. Қазақстан бұл тұрғыда өз үлгісін көрсете алып отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы елдің ішкі тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарады. Қазіргі жастар үшін де Ассамблеяның бастамалары аса маңызды болып табылады, себебі ұлттық бірлік - мемлекет қауіпсіздігінің басты кепілі екендігі айдан анық.

Қазақстан қоғамында бейбітшілік пен тұрақтылықты қалыптастыруда атқарылған жұмыстар аз емес. Әсіресе, көпұлтты мемлекеттің дамуы әр ұлт пен ұлыстың арасындағы өзара құрмет пен сенімге, бір-біріне деген сыйластық пен жылы көқарастарға тікелей байланысты екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық-саяси өмірдегі орны айрықша. Оның қызметі тек этностарды біріктірумен шектеліп қана қоймай, ел ішіндегі татулықтың қалыптасуына да зор әсер етіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы 30 жыл ішінде қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепіліне айналды. Осы институттың пайда болуы Қазақстанда тұрақты даму үдерісінің орнығуына, сан алуан этнос өкілдерінің өзара ынтымақтастықта өмір сүруіне, нығайтуға және елдегі толеранттылық пен патриоттық құндылықтардың кеңінен қалыптасуына жағдай жасаған болатын. Қазіргі таңда ҚХА - Қазақстандағы этносаралық қатынастарды үйлестіріп, ұлттық бірлікті нығайтатын жетекші ұйымдардың бірі. Ол еліміздің негізгі бағдарларының бірі болып саналатын «Бірлік, татулық, тұрақтылық» қағидаларын сақтауға да, олардың одан әрі дамуына да бағытталған қоғамдық институт ретінде өз қызметін үздіксіз атқарып келеді.

Осындай маңызды міндеттерді атқара отырып, Ассамблея еліміздің бірлігін сақтап, қоғамда өзара түсіністік атмосферасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сондықтан да бұл ұйымның болашақта да ел дамуындағы маңызы артып, ұлтаралық татулықты нығайтуға қосатын үлесі әлсіремей, керісінше, жаңа мазмұнмен толығырақ түсетіні анық.

Осы тұжырымдардың барлығын ой елегінен өткізсек, Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздегі татулықтың, тұрақтылықтың, өзара сыйластықтың басты тірегі. Бұл ұйымды шын мәнінде бірліктің алтын дінгегі деп есептейміз. Ассамблея қоғамдағы түрлі этностардың мәдениеттерін құрметтеуге үйретіп қана қоймай, ортақ құндылықтарды қалыптастырады. Біз үшін Ассамблея - жай мемлекеттік құрылым ғана емес, ол - Қазақстанның жарқын болашағын айқындайтын рухани күш. Ол - уақыт сынынан өткен, елді ортақ мақсатқа жұмылдыратын, тыныштық пен татулықтың терең тамырын бекіте түсетін ұлттық институт. Бейбітшілік пен келісімді сақтау - әр азаматтың міндеті, ал осы міндетті жүзеге асыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының орны ерекше!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана: - 2014. - 266 б.
2. ҚР Конституциясы. Алматы: Қазақстан, 1995ж.
3. Сұлтанбай Ә. «Татулық пен тұрақтылық - береке бастауы»//Егемен Қазақстан, 2018, 27-сәуір.

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Шаймұратова Ш.М., Сайдиқаримова Ч.Ш.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы, Умбеталиева А.Д.

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті.

shugyla_shaimuratova@icloud.com

Алматы қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісі тарихи, рухани және саяси қырларымен талданады. Ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын мәдени код, тарихи жады, дәстүр сабақтастығы және тәуелсіздік кезеңіндегі этносаралық келісім саясатының ролі қарастырылады. Еуразия кеңістігінде қалыптасқан қазақ этносының бірегей мәдени болмысы, оның ұлттық кодының тарихи тамырлары, сонымен бірге «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік Ел» бағдарламаларының маңызы жан-жақты ашылады. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық тұтастық пен қоғамдық келісімді нығайтудағы орны сараланады.

Түйін сөздер: Ұлттық бірегейлік, тарихи жады, рухани код, этносаралық келісім, мәдени мұра, Рухани жаңғыру, Қазақстан халқы Ассамблеясы

Жаһандану үдерісі әлемдік кеңістіктегі мемлекеттердің ішкі даму логикасына үлкен ықпал етіп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, мәдени ықпалдастықтың күшеюі, еңбек қоныс аударуының артуы ұлттық мемлекеттерден жаңа талаптарды қажет етеді. Осындай жағдайда әрбір ел үшін тарихи-мәдени тамырды сақтап, қоғамның рухани тұтастығын нығайту - стратегиялық маңызы бар міндеттердің бірі. Қазақстан үшін бұл мәселе ерекше өзекті, себебі елдің көпэтносты құрамы, көпқабатты тарихи тәжірибесі және тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан саяси-мәдени трансформациялар ұлттық бірегейліктің жаңа үлгісін қалыптастыруды талап етеді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда тарихи әділеттілікті қалпына келтіру бағытында маңызды жұмыстар жүргізілді. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, ұлт көсемдерінің мұрасын зерттеу, ұлттық тарихтың жаңа концепцияларын әзірлеу - осының бәрі тарихи жадты жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен қатар «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Туған жер», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты ірі бағдарламалар ұлттық құндылықтарды қайта зерделеп, мәдени кодты сақтауға мүмкіндік берді. Бұл бастамалар ұлттық тарихтың толыққанды жүйесін қалыптастырып қана қоймай, көпэтносты қоғам жағдайында жалпыұлттық бірегейлікті күшейтуге негіз болды.

Осы тарихи-саяси контекстте Қазақстан халқы Ассамблеясының орны айрықша. 2025 жылы өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған Ассамблея - тәуелсіздік дәуірінде қалыптасқан, этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірегей институт. Ассамблея құрылған сәттен бастап елдегі барлық этностардың мәдениеті мен дәстүрін сақтау, дамыту, олардың құқықтық және әлеуметтік мүдделерін қорғау, азаматтық бірлікті күшейту бағытында жүйелі қызмет атқарып келеді.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау тек мәдени-рухани мәселе емес, сондай-ақ саяси тұрақтылық пен стратегиялық даму мәселесі болып табылады. Ұлттық бірегейлік - тарихи жадпен, мәдени кодпен, тілмен, салт-дәстүрмен, азаматтық жауапкершілікпен тығыз байланысты күрделі құбылыс. Қазақстанда бұл ұғымды жаңаша пайымдау көпэтносты қоғамды біріктіретін ортақ құндылықтар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда тарихи сананы жаңғырту, ұлттық тарихты жүйелі зерттеу, жас ұрпақтың тарихи-мәдени білімін арттыру - қоғамның рухани қауіпсіздігі мен болашақ дамуының маңызды алғышарттары. Сонымен бірге ұлттық бірегейлікті зерттеу - қазіргі қоғамдық дамудың мазмұнын терең түсінуге, жаһандану жағдайындағы мәдени өзгерістерді ғылыми тұрғыда талдауға және «Рухани жаңғыру» саясатының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер ұлттық құндылықтарды сақтаудың, өзіндік